

АСТАНА ҚАЛАСЫ
ӘКІМДІГІНІҢ
«№93 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ»
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТІК
КОММУНАЛДЫҚ МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ
«ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №93»
АКИМАТА
ГОРОДА АСТАНА

БҰЙРЫҚ

«22» 09 2025 ж. № 176

Асханада тыйым салынған тағамдарды сатуға жол бермеу туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы №ҚР ДСМ-16 бұйрығымен бекітілген «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 4-параграфы, 177-тармағына сәйкес және білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектеп асханасында қоғамдық тамақтану қызметін жүзеге асыру кезінде тыйым салынған тағам түрлерін дайындауға, сатуға, сақтауға және пайдалануға қатаң түрде жол берілмесін.

2. Тыйым салынатын тағам өнімдерінің тізбесі:

- кремі бар кондитерлік өнімдер;
- фритюрде қуырылған тағамдар;
- шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқа;
- фаст-фуд өнімдері (гамбургер, хот-дог, пицца, наггетс, чипс т.б.);
- пастерленбеген сүт, сүзбе, қаймақ;
- үй жағдайында дайындалған тағамдар мен консервілер;
- газдалған және тәтті алкогольсіз сусындар, энергетиктер;
- құрамында жасанды хош иістендіргіштер, бояғыштар, тыйым салынған тағамдық қоспалар бар өнімдер;
- санитарлық талаптарға сай келмейтін, сапасыз немесе мерзімі өткен тағамдар.

Толық тыйым салынған өнімдер тізбесі жоғарыда аталған санитарлық ережелердің 177-тармағында көрсетілген.


3. Асханада тыйым салынған тағамдардың сатылмауын және санитариялық талаптардың орындалуын мектеп медбикесі З.Корданова бақылауға алсын.

4. Оқушылардың денсаулығын сақтау және мектеп асханасының жұмысын үнемі бақылау мақсатында, санитарлық нормалардың сақталуын мектептің әлеуметтік педагогы А.Адилбековаға жүктелсін.

5. Асханадағы тыйым салынған тағамдардың сатылмауын қадағалау 2025-2026 оқу жылында тамақ сапасын бақылау комиссиясына жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау мектептің әлеуметтік педагогы А.Адилбековаға жүктелсін.

Мектеп директоры



Басқара

Б.Басықара